

**«ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ
МЕДИЦИНАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ»
МЕББМ**



**НУО «КАЗАХСТАНСКО-
РОССИЙСКИЙ
МЕДИЦИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ»**

**№ _____ медициналық білім бойынша өтеулі білім беру
қызметтерін көрсету шарты**

Алматы қ. «____» _____ 20__ ж.

«Қазақстан-Ресей медициналық университеті» мемлекеттік емес білім беру мекемесі, бұдан әрі «Университет» деп аталып, Жарғы және 02.06.2010 жылғы АБ № 0137388 және 12.08.2011 жылғы № 11019853 білім беру қызметімен айналысуға берілген Мемлекеттік лицензия негізінде әрекет етуші Ректоры тұлғасында, Н.Т. Джайнакбаев бір тараптан және

аз. _____,
бұдан әрі **«Білім алушы»** деп аталып, екінші тараптан төмендегідей туралы осы шартты жасасты:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Білім алушы Университетке тапсырыс береді және ақы төлейді, ал Университет Білім алушы үшін оқу үдерісін ұйымдастыру және Білім алушыға _____ білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нысаны бойынша білім беру қызметтерін алу мүмкіндігін қамтамасыз ету, оған сәйкес біліктілік берумен және қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін және көрсетілген қызметтер толық төленгеннен кейін білімі туралы құжат беру міндетін өзіне алады.

1.2. Университет өзіне мынадай міндеттемелерді алады:

1) Білім алушыға Университеттің оқу жоспарларына сәйкес білім беру қызметтерін алу мүмкіндігін, оның ішінде Қазақстан Республикасы және одан тыс басқа университеттерде академиялық ұтқырлық бағдарламалары, сондай-ақ кіріктірілген оқыту бағдарламалары бойынша оқу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

1.3. Білім алушының Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде оқу және өзге де мақсаттардағы сапарларына байланысты барлық шығыстарды, егер Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында өзгеше көзделмесе, Білім алушы өз қаражаты есебінен төлейді.

1.4. Мамандық бойынша нормативтік оқу мерзімі МЖМБС сәйкес айқындалады.



2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Университет міндеттенеді:

1) Білім алушыны ҚР заңнамасының нормаларына және Университетте бекітілген Ауыстыру және қалпына келтіру қағидаларына сәйкес Университеттің Білім алушылар қатарына ол немесе үшінші тұлға (заңды өкілі) жылдық төлем сомасының 50 % мөлшеріндегі төлем жасаған жағдайда қабылдауға;

2) осы Шарт жасалған кезде Білім алушыны Университеттің Жарғысымен, білім беру қызметін жүзеге асыруға берілген лицензиясымен, ішкі тәртіп қағидаларымен және Университеттің өзге де ішкі нормативтік актілерімен, оның ішінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға қатысты құжаттармен таныстыруға;

3) Білім алушының білім алуын Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы талаптарына сәйкес қамтамасыз етуге;

4) қолданыстағы нормативтерге сәйкес Білім алушының оқу жүктемесінің көлемін және сабақ кестесін үзілістерімен бірге айқындауға, сондай-ақ денсаулыққа қауіпсіз, қолайлы оқу жағдайларын жасауға;

5) Университет кітапханасының ақпараттық ресурстарына, оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендерге және оқу-әдістемелік құралдарға еркін қолжетімділік пен пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

6) оқу бағдарламалары шеңберіндегі тапсырмаларды орындау үшін Білім алушыға компьютерлік техниканы пайдалану мүмкіндігін, Университет басшысы бекіткен тиісті ережелерде көзделген тәртіп пен шарттарда ұсынуға;

7) Білім алушы үшін ҚР ЖЖКББҰ оқу жоспарына сәйкес тәжірибенің барлық түрлерінен өтуін ұйымдастыруға;

8) Университеттің ішкі құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен Білім алушыны өз өтініші бойынша оқудан шығаруға және қайта қабылдауға;

9) тиісті Қағидаларға сәйкес тәртіппен Білім алушыны өтініші негізінде бір мамандықтан екінші мамандыққа, тиісті Қағидаларда белгіленген тәртіппен басқа ЖЖКББҰ ауыстыруға;

10) Шарт бұзылған жағдайда, егер Білім алушы оқу мерзімінің толық кезеңі үшін алдын ала ақы төлеген болса, бұйрық шығарылған сәттен бастап ағымдағы оқу кезеңіне қатысты шығыстарды шегере отырып, төленген ақшалай қаражатты қайтаруға;

11) Білім алушыны оның келісімінсіз және оқу үдерісіне зиян келтіретін қоғамдық және өзге де тапсырмаларды орындауға тартуға жол бермеуге;

12) Білім алушыға ерікті негізде Университеттің ғылыми, мәдени және спорттық іс-шараларына, оның ішінде халықаралық іс-шараларға қатысу мүмкіндігін беруге;

13) оқу курсынан толық аяқтап, қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша Білім алушыға тиісті біліктілік беріп, белгіленген үлгідегі құжатты тапсыруға;



14) Университет таратылған немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда, Білім алушының оқу жылын басқа ЖЖКББҰ аяқтауына шаралар қабылдауға;

15) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңын орындауға;

16) Білім алушының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты бұзу немесе ықтимал бұзушылықтар туралы адал ниетпен хабарлауына байланысты немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысудан бас тартқаны үшін қысым көрсетуге, кемсітуге немесе тәртіптік шара қолдануға ұшырамайтынына кепілдік беруге.

2.2. Университет құқылы:

1) Білім алушыдан осы Шартқа, Университеттің ішкі тәртіп қағидаларына сәйкес міндеттерін адал әрі тиісінше орындауын, оқу тәртібін сақтауды, Университеттің педагогикалық және басқа да қызметкерлеріне, сондай-ақ Білім алушыларға құрметпен қарауын талап етуге;

2) Білім алушыға оқу тәртібін, осы Шарт талаптарын, ішкі тәртіп қағидаларын және Университеттің өзге де ішкі құқықтық құжаттарын бұзғаны үшін ықпал ету шараларын қолдануға;

3) Университет мүлкіне ұқыпты қарауды талап етуге, компьютерлік және өзге де техникамен жұмыс істеу ережелерін сақтауды қамтамасыз етуге. Білім алушының әрекеттері салдарынан материалдық залал келтірілген жағдайда, оны қалпына келтіруге жұмсалған шығындарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндіріп алуға;

4) оқу, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін Білім алушыны көтермелеуге және марапаттауға;

5) төлеу тәртібіне байланысты оқу үшін жеке жеңілдіктерді ерекше жағдайда қарастыруға.

2.3. Университет келесі негіздерге сүйеніп, бір жақты тәртіппен Шартты бұзуға құқылы:

1) Университеттің оқу тәртібін, ішкі тәртіп қағидаларын және Жарғысын бұзғаны үшін;

2) шарттық міндеттемелерді орындамағаны үшін;

3) емтихан/тестілеу кезінде шпаргалка, байланыс құралдарын немесе өзге де гаджеттерді пайдаланған жағдайда, Білім алушы емтиханнан шығарылып, нәтижелері жойылады;

4) хирургиялық операцияларды, дәрігердің пациентті қабылдауын фото-бейнетүсірілімге түсіргені немесе стационарларда, мәйітханаларда басқа да түсірілімдер жүргізіп, кейін оларды таратқаны үшін;

5) мінез-құлық нормаларын бұзғаны үшін, оның ішінде алкогольдік ішімдіктерді ішкені, есірткі құралдарын пайдаланғаны, белгіленбеген жерде



темекі шеккені, педагогикалық және басқа да Университет қызметкерлерін қорлағаны үшін;

6) қоғамдық тәртіпті бұзумен сипатталған, қоғамға анық құрметтемеушілік білдірген, азаматтарға қатысты күш қолданумен немесе оны қолдану қатерімен не бөтеннің мүлкін қоғамдық орындарда, оқу аудиторияларында, Университет аумағында жоюмен немесе бүлдірумен қатар жүрген бұзақылық әрекеттер жасағаны, сондай-ақ әдепсіз әрекеттер жасағаны үшін;

7) Білім алушылардың, педагогикалық және басқа да Университет қызметкерлерінің жеке мүлкін (аумақта) және Университет мүлкін жымқырғаны (ұрлық жасағаны) үшін, материалдарды анықтау жүргізу және қылмыстық іс қозғау үшін құқық қорғау органдарына беру арқылы;

8) дайындалып жатқан қылмыстар, террористік акциялар және митингілер туралы маңызды ақпаратты қасақана жасырғаны үшін;

9) сыбайлас жемқорлық әрекеттері; әлеуметтік желілерде, Интернетте, платформаларда, сайттарда Университеттің беделіне нұқсан келтіретін (беделін, имиджін және сенімін түсіруге бағытталған қасақана әрекеттер) мәліметтерді (фото-бейне түсірілімдерді) орналастырғаны үшін;

10) сабаққа келмеген күннен бастап бір ай ішінде Университетпен байланысты жоғалтқаны үшін;

11) Білім алушының өз еркімен оқудан шығару туралы, денсаулық жағдайына байланысты, отбасылық жағдайларға байланысты, басқа ЖЖКББҰ ауысуына байланысты, сондай-ақ Университеттен кетуіне байланысты және Университетке байланысты емес әрі ҚР заңнамасында көзделген басқа да жағдайларда өтініші түскені үшін;

12) Университеттің таратылу процесіне байланысты қызметін тоқтатуы немесе лицензияның кері қайтарылуына байланысты Университеттің білім беру қызметін тоқтатуы жағдайында, соңғысы Білім алушының оқу жылын басқа ЖЖКББҰ аяқтауын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауға міндетті;

13) сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

2.4. Білім алушы міндетті:

1) МЖМБС бойынша білімді, іскерлікті және практикалық дағдыларды толық көлемде меңгеруге, оқу және практикалық сабақтарға қатысуға. Осы тармақтың Білім алушы тарапынан бұзылуы оны немесе үшінші тұлғаны Шарт бойынша төлем жасаудан босатуға негіз болып табылмайды;

2) сабақтарды босатқан жағдайда, Университетте болмаған күннен бастап бұл туралы Университетке жазбаша түрде хабарлауға;



3) отбасылық жағдайы және байланыс ақпараты (тұрғылықты жері, телефон нөмірі, электрондық пошта және сол сияқты) өзгерген кезде Университетке хабарлауға;

4) жұмыс оқу жоспарларына, жеке оқу жоспарына, бағдарламаларға және оқу және практикалық сабақтардың кестелеріне сәйкес оқу және практикалық сабақтардың барлық түрлеріне қатысуға, Университет кафедралары өткізетін консультацияларға (емтихан алдындағы, пәндер бойынша аралық мемлекеттік бақылау және басқа да) қатысуға;

5) белгіленген мерзімде Білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру үшін Университетте белгіленген, бұдан әрі Шарт мәтінінде «аттестаттау іс-шаралары» деп аталатын барлық үлгерімді бақылау және аттестаттау түрлерінен өтуге;

6) аттестаттау іс-шараларынан өту кезінде адалдық танытуға, мыналарға жол бермеуге:

- емтихандарда, сынақтарда және өзге де міндетті аттестаттау іс-шараларында оқытушының рұқсатынсыз оқу және басқа да ақпараттық материалдарды, сондай-ақ байланыс құралдарын және орындалып жатқан тапсырманың мәні бойынша ақпаратты рұқсатсыз алу үшін өзге де тәсілдерді пайдалануға;

- емтихан қабылдаушыны аттестатталушы Білім алушының және басқа да тұлғалардың жеке басына қатысты жаңылыстыруға;

- авторлығы Білім алушыға тиесілі емес бақылау және өзге де міндетті жазбаша жұмыстарды бағалауға (қорғауға) ұсынуға;

7) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Жарғыны, Университеттің Ішкі тәртіп қағидаларын, Білім алушы тағылымдамадан (дайындықтан) өтетін медициналық ұйымдардың ішкі тәртіп қағидаларын, Академиялық саясатты және білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін және Университет актілерін зерделеуге және сақтауға;

8) Университет әкімшілігі ақпараттық стендтерде орналастыратын хабарландырулармен және ақпаратпен үнемі танысуға, Университеттің ресми интернет-сайтына тұрақты түрде кіріп, сайтта орналастырылған ақпаратпен танысуға;

9) Білім алушы амбулаториялық немесе стационарлық емделуде болған жағдайда, сабаққа бірінші рет келмеген күннен бастап Университетке хабарлауға, кейіннен растайтын құжаттарды ұсынуға;

10) ректордың бұйрықтары мен өкімдерін, Жарғыны, Ішкі тәртіп қағидаларын және осы Шарттың талаптарын сақтауға және орындауға;

11) Университет ректорының бұйрығы негізінде ҚР аумағындағы және одан тыс жерлердегі басқа университеттердегі академиялық ұтқырлық бағдарламалары және қосылған оқыту бағдарламалары бойынша оқуды жалғастыру үшін белгіленген мерзімде тағайындалған жерге келуге;



12) Университет мүлкіне ұқыпты қарауға және оны тиімді пайдалануға, оқу және жатақханада тұру үшін (ұсынылған жағдайда) қалыпты жағдайлар жасауға қатысуға;

13) санитариялық, өрт, электр қауіпсіздігін, сондай-ақ қауіпсіздік техникасын сақтауға және техникалық құралдарды пайдалану қағидаларын бұзбауға;

14) әскери есепке тұру қағидасын сақтауға;

15) педагогикалық және басқа да қызметкерлерге, Университет Білім алушыларына құрметпен және дұрыс қарым-қатынас жасауға;

16) осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 қосымшасына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімге қол қоюға;

17) Университеттің құпия ақпаратын ұсынушы тараптың алдын ала рұқсатын алмай, ешқандай тәсілмен жария етпеуге, кез келген нысанда (жазбаша, электрондық және басқа тәсілмен) бермеуге, кез келген үшінші тұлғаларға қолжетімді етпеуге, сондай-ақ оны өз пайдасын немесе өзге де мақсаттарды алу үшін пайдаланбауға, бұған заңның тікелей нұсқауы бойынша үшінші тұлғаларда тиісті өкілеттіктер болған жағдайлар және жария ету ҚР заңнамасында талап етілетін немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұраулары негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар кірмейді;

18) осы Шарт бойынша құпия ақпарат деп Университетке тиесілі немесе оның қызметіне қатысты, жалпыға қолжетімді болып табылмайтын кез келген ақпарат (ауызша, жазбаша немесе электрондық нысанда) түсініледі;

19) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындауға;

20) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың талаптарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі стандартының және Университеттің сыбайлас жемқорлыққа, парақорлыққа қарсы іс-қимыл және академиялық адалдық жөніндегі басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға;

21) осы Шарттың ережелеріне сәйкес Университеттегі білім алу үшін ақыны уақытылы және толық көлемде жасауға;

22) интернатурада оқуды жалғастырудан бас тартқан жағдайда, жаңа оқу жылы басталғанға дейін Университетке оқудан шығару туралы өтініш ұсынуға. Оқудан шығару туралы өтініш ұсынылмаған жағдайда, Білім алушы автоматты түрде келесі курсқа (интернатураға) ауыстырылады;

23) Білім алушының өз еркімен оқудан шығуы кезінде, сондай-ақ Білім алушы мен Университет арасында білім беру қызметтерін көрсету туралы жаңа шарт жасалған жағдайда және осы Шарттың талаптарының елеулі өзгеруіне немесе оның бұзылуына әкеп соғатын өзге де жағдайларда;

24) Шарттың қолданылу мерзімі ішінде оқыту құнын, оның ішінде қосымша пәндер бойынша оқыту құнын және академиялық берешекті жою



мақсатында пәндерді қайта оқу кезінде төленетін оқыту құнын уақтылы және толық көлемде, Шартта белгіленген тәртіппен және шарттарда төлеуге;

25) Университетті аяқтағаннан кейін ағымдағы жылдың 01 тамызына дейін жұмысқа орналасқандығы туралы растаушы құжаттарды ұсынуға.

2.5. Білім алушы құқылы:

2.:

1) Университет ректорының бұйрығы негізінде Университеттен басқа ЖЖКББҰ, бір мамандықтан басқасына, Университеттердің типтері бойынша Білім алушылардың қалпына келтіруіне, білім алудың бір тілінен басқасына ауысуға;

2) қосымша ақы төлеу арқылы қосымша білім беру қызметтерін алуға;

3) кітапхана қоры мен оқу залдары базасындағы оқу әдебиеттер қорын еркін пайдалануға және қол жеткізуге;

4) студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысуға;

5) Университетте Ауысу және қалпына келтіру қағидаларына сәйкес белгіленген тәртіппен қалпына келуге;

6) оқытудың интерактивті әдістерін пайдалануға.

7) Оқытудың бүкіл мерзімі үшін алдын ала төлем жасауға;

8) Белгіленген мерзімде және мөлшерде көрсетілетін білім беру қызметтері үшін төлем жасауға. Бұл ретте осы Шарт бойынша төлеуші үшінші тұлға бола алады.

2.6. Тараптардың сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және Университеттің актілерінде көзделген өзге де құқықтары бар және өзге де міндеттемелерді атқарады.

2.7. Университет осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген білім беру қызметтерін ұсыну бөлігіндегі міндеттемелер мен кепілдіктерден басқа ешқандай міндеттемелерді өзіне қабылдамайды және ешқандай кепілдіктер бермейді.

3. БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІ АҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

3.1. Кредиттің құны, оқу үшін төлем мөлшері мен төлеу мерзімдері теңгемен белгіленеді және жыл сайын Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

3.2. Оқу құны оқу жылы үшін (Шарт жасалған сәттегі) _____ (_____) теңгені құрайды.

3.3. Оқу құны Университет ректорының бұйрығымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және білім беру қызметтеріне қатысты шарттар мен шығыстарды елеулі түрде өзгертетін нормативтік құқықтық актілердің шығарылуына байланысты, сондай-ақ еңбекақы төлеу шығындарының артуы мен инфляция индексіне ескере отырып, бірақ жылына бір реттен артық емес өзгертілуі мүмкін.



3.4. ҰБТ нәтижелері бойынша шекті ұпай алған Білім алушы бірінші оқу курсына қабылдануға жатады, егер ағымдағы жылдың 25 тамызына дейін бірінші семестр үшін жалпы соманың 50% төлесе. Қалған соманы Білім алушы 31 қаңтарға дейін төлейді.

3.5. Білім алушының растаушы құжаттармен, ұсынған өтінішіне сәйкес екінші деңгейдегі банктердің білім беру кредиттерін алу және басқа ұйымдар ұсынатын гранттар берілген жағдайларды қоспағанда, екінші және одан кейінгі оқу курстарында төлем Білім алушы тарапынан жылына 2 рет тең үлестермен – 25 тамызға дейін және 31 қаңтарға дейін – осы Шартта көрсетілген деректемелер бойынша тиісті соманы аудару арқылы жүзеге асырылады. Төлем мерзімдері мен шарттары Университет шешімімен өзгертілуі мүмкін.

3.6. Оқу ақысының мөлшері өзгерген жағдайда осы Шартқа қосымша келісім жасалады.

3.7. Оқу ақысының жаңа мөлшері бекітілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Университет Білім алушыға оқу ақысының өзгеруінің негізін, мөлшерін және жаңа оқу ақысының бекітілген күнін көрсете отырып тиісті жазбаша хабарлама жібереді.

3.8. Оқу ақысының жаңа мөлшері бекітілген күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде Білім алушы Университет белгілеген оқу ақысының мөлшерін және оның бекітілген күнін ескере отырып, Университет ұсынған үлгі бойынша осы Шартқа қосымша келісімге қол қоюға міндетті. Оқу ақысының өзгеруімен келіспеген жағдайда, Білім алушы осы мерзім ішінде осы Шартты бұзу туралы тиісті жазбаша өтінішті факультет деканатына ұсыну арқылы Шартты орындаудан бас тартуға міндетті.

3.9. Білім алушы Шарттың оқу ақысының өзгеруіне байланысты қосымша келісіміне қол қоймаған және Шартты орындаудан бас тарту туралы жазбаша бас тартуды Университетке белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, Білім алушы оқу ақысының өзгеруімен сөзсіз келіседі деп есептеледі, ал Университет бекіткен оқу ақысының мөлшері Тараптармен келісілген болып саналады. Бұл ретте Білім алушы 5 (бес) жұмыс күні ішінде оқу ақысы құнының айырмасын төлеуге міндетті.

3.10. Білім алушы тарапынан осы Шарттың құнын өзгертуге байланысты белгіленген мерзімде жазбаша түрде орындаудан бас тартуы берілген жағдайда, осы Шарт бұзылған деп танылады және Білім алушының тиісті жазбаша өтінішін берген күні Тараптардың қосымша растауынсыз өзінің заңды күшін жоғалтады.

3.11. Осы Шартта көзделген оқыту құны ҚР заңнамасының белгіленген нормаларына сәйкес, тиісті мамандық бойынша оқытудың құнын қамтиды.

3.12. Білім алушының қосымша пәндерді оқуға жазылуы, сондай-ақ академиялық қарызды жою, GPA балын көтеру мақсатында бұрын өткен



пәндерді қайта оқуы қосымша ақыға жүргізіледі, оның мөлшері Университетте тіркеу сәтінде белгіленген тарифтерге сәйкес анықталады, егер Университеттің ішкі нормативтік актілерімен өзгеше көзделмесе.

3.13. Басқа ЖЖКББҰ ауысу арқылы түскен Білім алушылар Университет ректорының қабылдау (сабақтарға жіберу) туралы бұйрығы шыққанға дейін оқу үшін төлем жасайды.

3.14. Осы Шартты Білім алушының бастамасы бойынша бұзу кезінде білім беру қызметтері үшін төлемге есептелетін ақы өтінішті беру күнінен бастап тоқтатылады.

3.15. Осы Шартты Университеттің бастамасы бойынша бұзу кезінде оқыту қызметтері үшін төлемге есептелетін ақы Университет ректорының бұйрығы шығарылған күннен бастап тоқтатылады.

3.16. Білім алушының академиялық демалыстан шығу немесе қалпына келтіру жағдайында оқыту үшін төлем академиялық демалыстан шығу немесе қалпына келтіру туралы бұйрық шығарылған сәттегі қолданыстағы тәртіп пен мөлшерлер бойынша жүргізіледі.

3.17. Оқытуды өз бетінше тоқтату кезінде, яғни осы Шартты Білім алушының біржақты орындаудан бас тарту жағдайында, осы Шарт Университет ректорының оқудан шығару туралы бұйрығы шығарылған күнінен бастап бұзылған деп есептеледі. Осы мерзімге дейін оқыту үшін төлем бойынша шарттық міндеттемелер сақталады және Университет орта және/немесе арнайы орта білім туралы құжаттардың түпнұсқаларын бермеуге құқылы.

3.18. Оқыту үшін енгізілген ақша қаражаты Білім алушыға сабаққа дәлелді себепсіз келмеген күннен бастап Университетпен байланысты бір ай ішінде үзу жағдайында және Университет ректорының атына ресми өтініш бермеген жағдайда қайтарымға жатпайды. Ал Білім алушы 1 (бір) айдан артық оқуға келмеген жағдайда Университет оқу ақысын есептемейді.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Осы Шарттың 3-бөлімінде белгіленген мерзімдерде оқыту үшін қалған соманың төлемі бойынша 60 (алпыс) күннен астам мерзімге кешіктіру жағдайында Университет әр күнге 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде өсім есептеуге, сондай-ақ Білім алушыны Университет ректорының бұйрығымен шығаруға құқылы. Қарызды 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтеу және шығару күнінен кейін қарызды өтегені туралы құжатты ұсыну жағдайында Білім алушы Университеттің Ауыстыру және қалпына келтіру қағидаларына сәйкес Университетке қалпына келтіріледі.

4.2. Емтиханға жіберілмеген немесе емтиханнан қанағаттанарлықсыз баға алған Білім алушы шығаруға жатады немесе пән бойынша оқу сабақтарын қайта өткізуге жатады. Пән бойынша оқу сабақтарын қайта өткізу жағдайында



Білім алушы Университеттің бұйрықтарына сәйкес тиісті пән бойынша 100% (жүз пайыз) төлемді қайта өткізу күніне дейін енгізуге міндетті.

4.3. Университеттің Білім алушылары құрамына қалпына келтіру және оқу жоспары пәндері бойынша айырмашылықты жою тек ақылы негізде жүзеге асырылады.

4.4. Қайта оқу курсына қалдырылған жағдайда, Білім алушы оқу жылы басталған күнге дейін Университетте бекітілген үлгілік нысанға сәйкес Университетпен ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы жаңа шарт жасасуға және жасалған шартқа сәйкес қайта оқу курсының құнын төлеуге міндеттенеді не Университетке қайта оқу курсынан бас тарту туралы жазбаша өтініш беру арқылы одан әрі оқудан бас тартуға құқылы. Білім алушының осы талапты орындамауы қайта оқу курсынан бас тарту ретінде қарастырылады және Білім алушыны оқудан шығаруға негіз болып табылады.

4.5. Білім алушыны қайта оқу курсына қалдырған жағдайда, қайта оқу курсының және одан кейінгі оқу курстарының құны, егер заңнамада және/немесе Университеттің актілерімен өзгеше белгіленбесе, Білім алушы қайта оқу курсы бойынша оқуын бастауға тиіс тиісті оқу жылына Университетте бекітілген тарифтерге сәйкес айқындалады.

4.6. Академиялық кезеңде оқу ақысы төленбеген жағдайда Білім алушы ақылы негізде пәндерді қайта оқуға жіберілмейді.

4.7. Білім алушы алдағы оқу кезеңі үшін алдын ала төлем жасаған және осы Шарт бұзылған жағдайда, Университет Білім алушыға төленген ақшалай қаражатты, ағымдағы оқу кезеңі үшін жұмсалған шығындарды шегере отырып, Шарт бұзылған күннен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде қайтарады.

4.8. Білім алушы Университеттің мүлкіне, сондай-ақ заңнамалық актілерге немесе шартқа сәйкес Университет жауап беретін үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтірген жағдайда, Білім алушы мүлдіктік жауапкершілік көтереді және келтірілген залалды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтейді.

4.9. Осы Шартта көзделген өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікті көтереді.

4.10. Университет келесіге жауапкершілік артпайды:

1) Университет аумағынан тыс жерде Білім алушымен болған жазатайым оқиғалар үшін және жазатайым оқиға салдарынан Білім алушыға келтірілген залалды өтемейді;

2) Білім алушының Университет аумағынан тыс жерлерде террористік акт жасауы немесе қоғамдық және басқа да орындарда санкцияланбаған митингілерді ұйымдастыруға және өткізуге қатысуы үшін.

4.11. Университет Білім алушының өмірін, денсаулығын және/немесе мүлкін сақтандыру жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдамайды және егер



ҚР заңнамасында өзгеше тікелей көзделмесе, Білім алушының өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген залалдың және шығындардың ешқандай түрлері үшін жауапкершілік көтермейді.

4.12. Оқу аяқталғанға дейін кез келген уақытта өтелмеген қаржылық қарыз болған жағдайда Университет Білім алушыға қарыз толық өтелгенге дейін белгіленген үлгідегі дипломды бермеуге құқылы.

4.13. Осы Шартты орындау барысында туындайтын келіспеушіліктер мен даулар өзара қолайлы шешімдер әзірлеу мақсатында Тараптар арасында тікелей шешіледі.

4.14. Тараптар келіссөздер жүргізу, өзара қолайлы шешімдер әзірлеу арқылы шешпеген мәселелер ҚР заңнамасына сәйкес шешіледі.

5. ФОРС-МАЖОР

5.1. Су тасқыны, өрт, басқа да табиғи апаттар, соғыс немесе әскери іс-қимылдар, сондай-ақ Тараптардың ақылға қонымды шектерде бақылауына тәуелді емес және Шарт жасалғаннан кейін туындаған кез келген өзге де жағдайлар сияқты еңсерілмейтін күш форс-мажор жағдайлары кезінде Тараптардың жауапкершілігі туындамайды. Алайда, бұл ереже форс-мажор жағдайларына ұшыраған Тарап дәлелдемелер ұсынған және форс-мажор басталған сәттен бастап үш тәуліктен кешіктірмей бұл туралы екінші Тарапты хабардар еткен жағдайда ғана қолданылады.

5.2. Тараптардың бақылауынан тыс жағдайлар деп сондай-ақ билік және басқару органдарының осы шарт бойынша міндеттемелерді Тараптардың кемінде біреуі орындауын мүмкін емес ететін актілер шығаруы танылады.

5.3. Тараптардың міндеттемелерді орындауы форс-мажор жағдайларының және олардың салдарының қолданылу мерзіміне мөлшерлес түрде кейінге ауыстырылады.

6. ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Білім алушы оқу құнын төлеу тәртібін және мерзімін бұзған жағдайда Университет Білім алушыға емтихандық сессияға кіру үшін рұқсат беруден және келесі курсқа ауыстырудан бас тартуға құқылы.

6.2. **Университет**, егер қолданыстағы заңнамада немесе Университет актілерінде өзгеше көзделмесе, Білім алушыны тұрғын үймен қамтамасыз ету, Білім алушыға стипендия төлеу, сондай-ақ Білім алушының тұрғын үй мен жол жүру құнын төлеуге жұмсаған шығындарын өтеу бойынша **міндеттемелерді өзіне алмайды**.

6.3. Оқу шарттары елеулі түрде өзгерген жағдайда, оның ішінде Білім алушыны бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, оқытудың бір нысанынан екіншісіне ауыстырған кезде, Тараптар Университетте бекітілген үлгілік нысанға сәйкес білім беру қызметтерін көрсету туралы жаңа шарт



жасасады. Бұл ретте, егер қолданыстағы заңнамада және/немесе Университет актілерінде өзгеше белгіленбесе, оқу құны Білім алушы жаңа оқу жағдайлары бойынша оқу сабақтарына кірісуге тиіс оқу жылына Университетте белгіленген тарифтерге сәйкес айқындалады.

6.4. Университет Университеттің актілерінде белгіленген тәртіппен Білім алушыға оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктерді, оқу ақысының төмендетілген мөлшерін белгілеуді, төлем мерзімін кейінге қалдыруды және өзге де жеңілдіктерді ұсынуға құқылы, бұл ретте мұндай жеңілдіктер Білім алушыны шарттық міндеттемелерді орындаудан босатпайды және Университеттің Шартта көзделген талаптарды қою құқығын шектемейді. Осы жағдайда Білім алушыға жеңілдіктер беру тәртібі мен талаптары Университеттің актілерімен белгіленеді және Шартқа қосымша келісім жасасу талап етілмейді.

6.5. Осы Шартты құжаттарды тапсыру және оған электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы қол қою кезінде Білім алушы және оның өкілі олар туралы ұсынылған мәліметтердің/құжаттардың/қолтаңбалардың дұрыстығы үшін жауапкершілік көтереді.

6.6. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 419-V «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес, «Осы Заңның талаптарына сәйкес келетін және оған қол қоюға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық құжат қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен тең».

6.7. Ағымдағы оқу жылы үшін оқу құнының 50% (елу пайызын) ағымдағы оқу жылының 25 тамызынан кешіктірмей, төленбеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Университеттің өзге де нормативтік актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шарт біржақты тәртіппен бұзылды деп есептеледі.

6.8. Сабақтарды дәлелді себептермен, оның ішінде амбулаториялық немесе стационарлық емделуде болуына байланысты босатқан жағдайда, Білім алушы **сабақтарды бірінші босатқан күннен бастап** өзі немесе туыстары арқылы Университет әкімшілігіне жазбаша өтініш беру жолымен хабарлауға және Білім алушының сабақтарға қатыспау себептерін түсіндіретін белгіленген үлгідегі құжаттарды (медициналық анықтамалар, шақыру қағаздары, түсініктемелер және басқа да құжаттар) ұсынуға міндетті.

6.9. Егер Білім алушы белгіленген мерзімде сабақтарды босату себептерінің дәлелділігін растайтын құжаттарды ұсынбаса, оның кейінгі түсіндірмелеріне қарамастан, сабақтарды босату себебі дәлелсіз деп танылады. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін Білім алушы ұсынған құжаттар Университет әкімшілігі өзгеше шешім қабылдасамас, қарауға қабылданбайды.



6.10. Білім алушы өз еркімен, басқа білім беру ұйымына ауысуына байланысты және Университетте оқуын одан әрі жалғастыруды болдырмайтын басқа да себептер бойынша оқудан шығарылған жағдайда, Білім алушы Университет әкімшілігіне себептерін көрсете отырып, оқудан шығару туралы өтінішті алдын ала ұсынуға міндетті.

6.11. Егер Шартта өзгеше тікелей көзделмесе, Білім алушы Университеттен шығарылған кезде, Тараптар арасында кез келген негіздер бойынша білім беру қызметтерін көрсету туралы жаңа шарт жасалған жағдайда, осы Шарт бұзылған болып танылады және Білім алушыны оқудан шығару туралы тиісті ректордың немесе Университеттің өзге де уәкілетті лауазымды тұлғасының бұйрығында көрсетілген оқудан шығару күнінен бастап немесе тиісінше білім беру қызметтерін көрсету туралы жаңа шарт күшіне енген күннен бастап заңды күшін жояды. Бұл ретте Білім алушы Университет алдындағы қаржылық берешекті төлеу жөніндегі және осы Шарттың қолданылу кезеңінде туындаған әрі тоқтатылған сәтте орындалмаған өзге де міндеттемелерді орындаудан босатылмайды.

6.12. Егер Білім алушы қандай да бір себептермен қосымша пәндер бойынша оқу, практикалық сабақтарды немесе аттестаттау іс-шараларын босатқан жағдайда және академиялық берешекті жою мақсатында пәндерді қайта өткен кезде, Білім алушы келмеген (босатқан) оқу сабақтары (пәндері) үшін төлеген ақшасы қайтарылуға жатпайды. Бұл ретте Білім алушы Университетте белгіленген тәртіппен мұндай пәндерге қайта тіркелуге және оларды қосымша ақы төлеу арқылы өтуге тиіс.

7. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ, ЕРЕЖЕЛЕРІН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ

7.1. Осы Шарт Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және ол толық орындалғанға дейін қолданылады. Жаңа шарт жасалған жағдайда, жаңа шарт жасасу кезінде белгіленген талаптар қолданылады.

7.2. Осы Шарттың талаптары Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

7.3. Тараптар арасындағы шарттық қатынастардың тоқтатылған күні Университет ректорының тиісті бұйрығын шығару күні болып табылады.

7.4. Осы Шарт орыс тілінде екі данада жасалады, олардың бірдей заңды күші бар және әрбір Тарапқа бір-бір данадан беріледі.

7.5. Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес, Білім алушы Университеттің өзінің дербес деректерін пайдалануына келіседі.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ МЕН БАНКТІК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

	«ҚазРосмедуниверситеті» МЕББМ НУО «ҚазРосмедуниверситет»	Стр. 14-бет / 15
--	---	-------------------------

Университет:

«Қазақстан-Ресей медициналық университеті» МЕББМ

050004, Алматы қаласы,
Абылайхан даңғылы, 51/53,
БСН 970 240 002300,
ЖСК KZ696010131000164962,
Алматы қ.
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ,
БСК HSBKKZKX,
ТТК-861,
Кбе-18.

Ректор

_____ **Н. Джайнакбаев**

Білім алушы:

тұрғылықты мекенжайы:

тел. _____

e-mail _____

ЖСН _____,

жеке куәлік № _____,

ҚР _____ «__» _____ 20__ ж.

берілген

(қолы, Т.А.Ә.)



1-қосымша

Дербес деректерді жинауға және өндеуге келісім беру

Мен, _____ (бұдан әрі – Субъект),
(дербес деректер субъектісінің Т.А.Ә.)

_____ тіркелген
(дербес деректер субъектісінің) мекенжайы

(дербес деректер субъектісінің тұлғасын куәландыратын құжаттың нөмірі, кім және қашан берілді)

«Қазақстан-Ресей медициналық университеті» мемлекеттік емес білім беру мекемесіне (бұдан әрі – Университет) өзімнің дербес деректерімді автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып, сондай-ақ мұндай құралдарды пайдаланбай өндеуге келісім беремін, яғни соның ішінде мынадай әрекеттерді жүзеге асыруға: жинау, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау, пайдалану, бұғаттау, жою, сондай-ақ Университеттің қызметіне байланысты үшінші тұлғаларға осындай ақпаратты беру құқығына, оның ішінде заңнамада белгіленген жағдайларда субъект туралы ақпаратты тексеруді жүзеге асыру және байланыс арналары арқылы, оларды рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды қамтамасыз ететін шараларды сақтай отырып, мұндай өндеу дербес деректердің құпиялылығын сақтауға міндетті тұлға арқылы жүзеге асырылған жағдайда келісім беремін.

« ____ » _____ 20__ жыл

_____ /

қолы

ТАӘ